

Burabike Fest 2019 спорттық іс-шарасын өткізу туралы ереже

Burabike Fest шеңберінде әуесқойларға арналған ашық веложарыс пен велошеру 2019 жылғы 24 және 25 тамызда Ақмола облысы, Бұрабай ауданында өтеді. Старт – Rixos Borovoe
Ұйымдастырушылар: Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен Болат Өтемұратов Қоры және Rixos Borovoe

1.Тіркелу және старттық пакеттер алу

Жарысқа қатысу үшін тіркеуден өту және Burabike.kz. сайтында жарна төлемін жасау керек.

Жарысқа қатысушыларды тіркеу 23.08.2019 жылы 12:00-де аяқталады.

Әрбір тіркелген қатысушы старттық пакет алады. Старттық пакеттер беру 2019 жылғы 1 шілдеден бастап 23 тамызға дейін Астана қаласында, сондай-ақ іс-шара күні Rixos Borovoe аумағында жүргізіледі. Берілу мекенжайы бөлек құлақтандырумен жіберіледі және ресми сайтта жарияланады.

Старттық пакет алу үшін, қатысушы келесі құжаттарды ұсынады:

- Жеке куәлігі (көшірмесін/скан түсіріп алу);
- Өзінің денсаулығы үшін жауапкершілік туралы қолхат (кінәраттардан бас тарту) (көк сиямен қол қойылған түпнұсқасы).
- Электрондық билет

2.Веложарыс іс-шарасының бағдарламасы - 24 тамыз 24.08.2019

2019 жылғы 23 тамыз Жарысқа қатысушылардың келу күні және оларды орналастыру, сынама жарыстар

08:30 – 09:45 Қатысушыларды тіркеу және бой қыздыру

09:45 – 09:55 Спорттық турнирдің салтанатты ашылуы

09:55 – 10:00 Қатысушыларды сапқа тізу және старт алдындағы брифинг

10:00 – 13:00 Бақылау уақытын іске қосу. Мәре

13:00 – 13:30

Ескертпе: Жарысқа қатысушылардың әрқайсысының жанында жеке куәлігінің көшірмесі, старттық нөмірі және «кінәраттардан бас тарту» туралы толтырылған қолхат болуға тиіс. Тіркеуден өтпеген спорттық турнирге өзінің жеке қатысатынын мәлімдейтін жарысқа қатысушылар мен командалардың өкілдері жарысқа қатысуға жіберілмейді.*

Старт алдындағы брифингке келмеген спортшылар мен командалар стартқа жіберілмейді.

Велошеру – 25 тамыз

25.08.2018

10:00 – 11:00 Тіркеу/старттық нөмірлер (білезіктер) алу

11:00 – 12:30 Велошерудің старты жаңа маршрут ~ 11 км

12.30 – 13:00 Мәре және марапаттау

3.Жарысқа қатысушылар мен қатысушы ұйымдар

Жарысқа 18 жастан 65 жасқа дейінгі әуесқойлар (еркектер және әйелдер) қатысады.

Қазақстанның, жақын және алыс шетелдердің әуесқой командалары, сондай-ақ жеке мәлімделетін спортшылар қатыса алады.

Қатысушылардың жасы 2019 жылғы 31 желтоқсанға толық жылдар бойынша анықталады.

Велошеруге әрбір қатысушы тіркеу кезінде дистанцияны өз бетімен таңдайды (65 км немесе 35 км). Жарысқа қатысуды әрбір спортшы өзінің физикалық мүмкіншіліктерін объективті бағалай отырып, тәуекелді дербес бағалау бойынша жүзеге асырады.

Мәлімделген қатысушылар іс-шараның өткізілу сәтіне іс-әрекет ететін кәсіпқой спортшылар болып табылмауға тиіс.

Велошеру (11 км) жас бойынша шектеусіз өткізіледі.

4.Техникалық талаптар:

Жарақтама:

Жарысқа келесілерге ие қатысушылар жіберіледі: шлем, велосипедшінің формасы және нақты дисциплинаға арналған, ақаусыз жабдықты велосипед. Велосипедпен жаттығушылық және негізгі жарыстар уақытында жарысқа қатысушылар шлем киюге тиіс.

Құлаққаптар мен басқа да байланыс құралдарына тыйым салынады.

Велосипед:

24 тамыздағы веложарысқа тек тас жолы велосипедтеріндегі спортшылар жіберіледі.

Сүйірлікті жақсартатын, руль қондырмаларын ұзартатын қосымша құрылғыларға тыйым салынады.

5.Спорттық жарысты өткізу жүйесі мен жетекшілігі

Ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасымен бірлестікте, қатысушылардың тізімінен нақтылаудан кейін, сондай-ақ техникалық немесе ауа-райы жағдайлары бойынша жарыстың бағдарламасына өзгертулер енгізуге құқығы бар және ол туралы 2019 жылғы 24 тамыздағы қазылар алқасының отырысында жариялайды.

Ақмола облысы мен Щучинск қаласының әкімдіктері төмендегіні қамтамасыз етеді:

- жарысқа қатысушылардың қоғамдық қауіпсіздігі, спорттық іс-шараға аймақтық БАҚ пен теледидарда ақпараттық қолдау көрсету.

- автожолдарды жөндеу, трассаларды белгілеу, арнайы жабдық орнату бойынша жұмысшыларға, арнайы жабдық пен қоршаулар тасымалдау бойынша көлік жалдауға ақы төлеу;

- адамдардың көп шоғырлануын ескере отырып, жарыс орындарын дайындау, безендіру, абаттандыру;

- мемлекеттік автоинспекцияның патрульдері, жедел жәрдем автомобильдері мен реанимобиль.

6.Жарыс трассасы, қашықтығы және оны өту тәртібі

Жарыстың алдында жарысқа қатысушыларға жарыс трассасы бойынша шолу шеңберлерін жүріп өтуге кеңес беріледі.

Веложарыстың және велошерудің маршрутын фестивальдің ресми сайтынан көруге болады.

7. Дәрігерлік – санитарлық қамтамасыздық

Барлық жарыстарға ұйымдастырушылар тиісті денсаулық сақтау органының медициналық қызметін тағайындайды. Медициналық қызметте ресми жаттығулар мен жарыс уақытында, сондай-ақ шоссе трассасының мәресінде дәрігер және медбике бар болуға тиіс.

Тас жолдарында тиісінше дәрігер, медбике және жүргізуші бригадаларымен бірге екі жедел жәрдем машинасының, соның ішінде реанимобильдің болуы міндетті. Ондай машиналар болмаған жағдайда, жарыс өткізілмейді.

Тиісті есепке алу және есеп құжаттамасын, қатысушылардың ауыр жарақаттануы кезіндегі актілерді ресімдеу, зардап шегушілерді жақын арадағы травматологиялық пунктке уақытылы жіберуді қамтамасыз ету жарыстың дәрігерінің міндеттеріне кіреді.

Қатысушыны денсаулық ахуалы бойынша тек жарыстың дәрігері жарыстан шығара алады.

8.Қазылар алқасының сандық және сапалық құрамы

Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін барлық республикалық және халықаралық жарыстарда, оларды ұйымдастырушы кім болып табылатынына қатыссыз, бас қазылар алқасы халықаралық, ұлттық жоғарғы санаттың және ұлттық санаттың қазыларынан тұруға тиіс, ал қалған қазылар ұлттық немесе бірінші санатқа ие болуға тиіс.

Қазылар алқасының құрамы:

Бас қазы – 1

Қашықтық бастығы – 1

Стартшы – 1

Мәредегі қазы – 1
Бас хатшы – 1
Стартшының көмекшісі – 1
Бұрылыстағы қазы – 2
Велосипедтерді тексеру – 1
Ақпаратшы қазы – 1
БАРЛЫҒЫ: 10

9.Нәтижелерді бағалау жүйесі

Жеңімпазды анықтау үшін мәреде фотомәре жабдықталады және арнайы электрондық тіркеу аппаратурасы орнатылады. Мәредегі қазы тіркеген жарысқа қатысушылардың мәреге жету реті жеңімпазды, жүлдегерлерді және әр түрлі жіктемелерге жататын басқа да ұпайларды анықтау үшін негізгі болып табылады.

10.Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау жарыстың жабылу шеруінде жарысқа қатысушылар мен олардың өкілдерінің барлығының міндетті қатысуы жағдайында жүргізіледі.

Марапаттау салтанатына шықпаған жарысқа қатысушылар дипломдардан, медальдерден айырылады. Спортшы осы жарыста көрсеткен нәтиженің күші жойылады.

11.Наразылықтар беру тәртібі және оларды қарастыру

Наразылықтарды команданың өкілі және жарысқа қатысушы бас қазыға және қазылар алқасына бере алады. Ұжымдық наразылықтар қарастыруға ***қабылданбайды.***

Жарыстың нәтижелері бойынша наразылықтар олар жарияланғаннан кейін 30 минуттың ішінде беріледі. Егер наразылық жазбаша түрде берілмеген болса, ол қарастырылмайды.

Егер әңгіме мәредегі қазы анықтаған нәтижені өзгерту туралы болса, наразылықтар ***қарастырылмайды.***

Айрықша оқиғаларға қатысты барлық наразылықтарды қазылар алқасы дереу қарастыруға тиіс.

Жарыстың барысында даулы мәселелер мен наразылықтар бойынша қабылданған қазылар алқасының шешімі жарысқа қатысушыға және команданың өкілдеріне халықаралық ережелердің тиісті параграфына сілтеме жасаумен түсіндіріледі. ***Жарысқа қатысушының жарыс ережелерін бұзғаны туралы мәліметтерді қазылар алқасы тек қазылар алқасының мүшелерінен қабылдайды.***